ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 24 маусым іс №4360-24-00-2/1282 Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Қ.М.Бержановтың,
сот отырысының хатшысы А.Қ.Жақыпбектің қатысуымен мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Қармақшы аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Femida» атауымен әрекет етуші Агатаева Гульмира Ерсаинкызы жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Н.Жұқалов,
Жауапкер өкілі А.Абдикеримов,
Аудармашы Д.Жүнісов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 9 сәуірде талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №105 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 1.1, 2.1-тармақтарына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 1 250 987 теңгеге 2017 жылы шыққан Лада Ларгус автокөлігінің Renault K4M қозғалтқышын шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

Сәйкесінше, жауапкер шарт бойынша тауарды 2024 жылдың 25 сәуіріне дейін жеткізуге тиіс болған.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 01.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 02.08.2024, судья Елшібеков Б. Е., 02.08.2024
Сот өндірісі
4360-24-3-1/1324

Жауапкер талап қоюға берген қарсы пікірінде «Лада» автокөліктерінің ресми өкілдерінің айтуына қарағанда казіргі таңда Лада Ларгус автокөліктеріне Renault K4M қозғалтқышын орнатпайтынын, казіргі кездері ВАЗ-11182 көліктерінің қозғалтқыштарын орнататыны анықталғанын, себебі Renault K4M қозғалтқыштары Украинадағы соғыстан кейін орнатылмайтын болғанын, содан кейін Тапсырыс берушіге шартқа өзгеріс енгізіп, шарт мәнін қозғалтқышты жөндеу деп өзгертуді сұрағанын, осы мән-жайларға байланысты Тапсырыс берушіден шартты екі жақты келісім бойынша бұзуды сұрағанын, сонымен қатар, шарттың 10.3 тармаын қолданып, Ресей мен Украина арасындағы соғыс қимылдары «форс-мажор» жағдайы деп тану мәселесін қарауды сұрайтынын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Н.Жұқалов талап қоюда көрсетілген уәждерін келтіріп, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамағанын, тауарды жеткізбегенін, шарт талаптарына сай жауапкер Лада Ларгус автокөлігінің Renault K4M жаңа қозғалтқышын жеткізуге тиіс болғанын, жауапкер аталған қозғалтқышты жеткізе алмаймыз дегенін, тауардың бастапқы бағасы 2 350 000 теңгеге жариялағанын, жауапкер 1 250 987 теңгеге ұтып алғанын, бағаны Сату.кз порталынан алғанын, соттан талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі А.Абдикеримов талап қоюмен келіспей, қарсы пікірде көрсетілген уәждерін айтып, өз түсінігінде шартқа отырмай тұрып басқа тұлға жаңа қозғалтқышты 850 000 теңгеге жеткізіп беремін дегенін, бірақтан ол тұлғаның қозғалтқышы бұрын пайдаланған болғанын, сосын одан алмайтын болғанын, Лада автокөлігінің ресми өкілдері Renault K4M қозғалтқышын орнатпайтын болғанын, казіргі кезде аталған қозғалтқыштар жоқ екенін, сондықтан талап қоюшыға шартты бұзып, қозғалтқышты жөндеу деп өзгертуді сұрағанын, бірақтан талап қоюшы келіспегенін, Украинадағы соғыс қозғалтқыштарды жеткізу мәселесіне әсер еткенін, сондықтан форс-мажор жағдайы деп санайтынын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 01.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 02.08.2024, судья Елшібеков Б. Е., 02.08.2024
4360-24-3-1/1324

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Сот отырысында анықталғандай тараптар арасында жасалған шартқа сай жауапкер 2017 жылы шыққан Лада Ларгус автокөлігінің Renault K4M қозғалтқышын шартқа қол қойған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде, яғни, 2024 жылдың 25 сәуіріне дейін жеткізуге тиіс болған.

Алайда, жауапкер шарт талаптарына сай тауарды осы кезге дейін жеткізбеген.

Жауапкер казіргі таңда Украинадағы соғыс жағдайы және Ресей Федерациясына енгізілген санкциялар нәтижесінде Лада Ларгус автокөліктеріне Renault K4M қозғалтқыштары орнатылмай, ВАЗ-11182 көліктерінің қозғалтқыштары орнатылатын болғанын, соғыс жағдайы әсер етіп отырғандықтан форс-мажор жағдайы деп тануды сұраған.

АК-нің 359 бабының 2-тармағына сай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайтыны бекітілген.

2021 жылға дейін Лада Ларгус автокөліктеріне Renault K4M қозғалтқыштары орнатылып келгенін, Лада Ларгус автокөліктерінің ресми өкілдігі казіргі таңда басқа қозғалтқыш орнатуы аталған көліктерге бұрыңғы Renault K4M қозғалтқыштары орнатуға кедергі келтірмейтінін, Ресей Федерациясында Renault K4M қозғалтқыштары болмауы Қазақстан Республикасында жоқ деуге болмайтынын, басқа елдегі соғыс жағдайы Қазақстан Республикасындағы сауда-саттық барысына әсер етпейді деп сот санайды.

Тауардың рынокта болмауы бой бермейтін күштің жағдайы деп тануға болмайды, тиісінше, тиісті жауапкершіліктен босатпайды.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 01.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 02.08.2024, судья Елшібеков Б. Е., 02.08.2024
4360-24-3-1/1324

Сот жауапкер тарапының келтірген уәждерін негізсіз деп санайды.

Сот отырысында жауапкер тарапының шарт талаптарына сай келетін тауарды шартта көрсетілген мерзімде жеткізбегендігі анықталады.

Яғни, жауапкер тарапынан шарт талаптарын тиісінше орындамау фактісі анықталған.

Бұндай жағдайда сот жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тануға толық негіз бар деген тұжырымға келеді.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2024 жылғы 20 мамырында жүгінген.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1846 теңге мемлекеттік баж алым сомасы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Қармақшы аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Femida» атауымен әрекет етуші Агатаева Гульмира Ерсаинкызы жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Femida» атауымен әрекет етуші Агатаева Гульмира Ерсаинкызы жеке кәсіпкері шарт бойынша міндеттемесін тиісінше орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Femida» атауымен әрекет етуші Агатаева Гульмира Ерсаинкызы жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны 1846(бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 01.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 02.08.2024, судья Елшібеков Б. Е., 02.08.2024
4360-24-3-1/1324

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 01.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.08.2024, судья Елшібеков Б. Е., 02.08.2024